

Ғылыми жобада
жиі кездесетін
қателіктер

•1- қателік:

- **Ғылыми жобаның тақырыбын таңдауда жіберілетін қателіктер**

- - Жарты немесе бір жыл ғана жұмыс істеп, **аяқталмаған жобаны** қорғауға ұсыну.
- Аталған қателіктер жоба жазушының да, ғылыми жетекші мұғалімнің де өз уақыттарын босқа өткізуіне, ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмауға әкеліп соқтырады.

• 2- қателік:

• Жұмыстың
құрылымын білмеу

- Әдетте ғылыми жоба жазар алдында оның кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды деген үш бөліктен тұратыны жайлы жалпылама пікірден басқа, болашақ жұмыстың қандай болуы керектігі жөнінде нақты болжамдар аз болады.

- Бұл көпшілік жағдайда жұмыстың теориялық, практикалық тарауларының арасындағы
 - тепе-теңдіктің
- бұзылуына алып келеді.

- **Мұғалімнің оқушыға
ғылыми-зерттеу
жұмыстарын
жүргізуге бағыт беру
технологиясы**

Оқушы
назарын
зерттеу
тақырыбына
шоғырландыру



Зерттеу
әрекетін
жүргізудің
оңтайлы
тәсілдерін
айқындауға
көмектесу



Оқушының
өзіндік
шешім
қабылдауына
ықпал ету



Оқушының
зерттеу
әрекетін
бағалауы мен
қорытынды-
лауына
көмектесу



• 3- қателік:

• Ғылыми
жұмыстың
логикасын дұрыс
түсінбеу

- Ғылыми жұмыс жазуды жаңадан бастаған адамдар жиі жіберетін қателік.
- Ал шын мәнінде ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ басты логикасы - жұмыстың болжамын (гипотеза) нақтылап алудан және оны ҒЫЛЫМИ-теориялық тұрғыдан негіздеуден тұрады.



- **БОЛЖАМ ДЕГЕНІМІЗ –**
- таңдап алынған тақырыпты толық зерттеп шыққан кезде қол жеткізетін
- **соңғы нәтижені алдын-ала сезу,**
- түйсіну деген сөз.


• **ГИПОТЕЗА –**

• шынайылығы әлі
дәлелденуі қажет
теориялық негізі бар
болжамдар
жиынтығы.

• *4- қателік:*

- «Кіріспе» бөліміне дұрыс көңіл бөлмеу.

Кіріспенің
құрылымы:

- 
1. Тақырыптың өзектілігі.
 2. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.
 3. Зерттеу нысаны.
 4. Зерттеудің дереккөздері.
 5. Зерттеудің болжамы.
 6. Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы.
 7. Зерттеудің әдістері.
 8. Жұмыстың теориялық, практикалық маңызы.
 9. Жұмыстың құрылымы.

Көп жағдайда «Алдымен жұмысты жазып алайын, кіріспені соңынан жаза салуға болады», «Жұмыс дайын болсын, кіріспені кейін жазамыз» деген пікірлерді естиміз.

Бұлай ойлау – ең басты қателік.

Адам алдына нақты қандай мақсат қойылғанын, қандай міндеттерді шешуі керек екенін білмей тұрып, жұмысты дұрыс жаза алмайтыны белгілі. Сондықтан кіріспені алдымен дайындап алмау жұмыстың созылып кетуіне, орынсыз шатасуларға алып келеді.


- Сонымен, кіріспе алдымен жазылуы керек. Бұл, әрине, оны кейін мүлде өзгертуге болмайды деген сөз емес. Жоба жазушы өзін соңғы мақсатты болжамы, мақсат, міндеттерін ең әуел бастан дұрыстап нақтылап алса, оның жұмыс істеуі әлдеқайда жеңілдейді.

- Әсіресе жұмыстың **мақсаты** айқын болуы тиіс.
- Ол ең алдымен нақты **орындай алатындай** қолжетімді болуы керек.
- Егер жұмыстың мақсаты жалпылама түрде «Зерттеу...», деп берілсе, оған қол жеткізу үшін шексіз уақыт қажет болады.

- Жұмыстың мақсаты мен міндеттерін дұрыс жаза алмау да жиі кездесетін қателердің бірі.
- Әдетте болжамды (гипотезаны) тексеру мен дәйектеуге арналған зерттеу мақсат-міндеттері белгіленуі керек.



Жұмыстың мақсаты
оның тақырыбымен,
міндеттері тиісті тараулар
мен тармақтарының
атауларымен
сәйкес келуі қажет.



•5- қателік:

- Алдымен практикалық бөлігін жазып алып, жұмыстың теориясын соңынан жазамын деп ойлау**

- Әдетте ғылыми теориялық әдебиеттермен жұмыс істеуден гөрі жұмыстың практикалық бөлігіне бірден кірісіп кету жеңіл көрінеді.
- Әзірге кітапханаға баратын мүмкіндік жоқ, теориялық бөлігін соңынан жаза саламын деген ойлар болатыны рас.
- Алайда ол жұмыстың сапасын төмендете түсетін басты қателік болып табылады.
- Кез келген ғылыми жұмыс ең алдымен ғылыми теорияға негізделуі қажет.

- Ғылыми логикасы айқын болмаған жұмыс ешқашан дұрыс жазылмайды.
- Яғни теориялық мәнін түсінбегеннен кейін, адам практикалық бөлігінде қателесуі мүмкін.

•6- қателік:

- Жұмыстың тек қана теориялық материалдардан тұруы немесе практикалық бөлігінің болмауы**

- Әсіресе жеңіл жол іздеушілер уақыт аз қалғанда кірісіп, жобаны тез арада аяқтау керек деп, асыққан кезде, осындай қателікке ұрынады. Бұл - алдымен тақырыпты толық меңгермеген адамның ісі.
- Әдетте, ондай жобалардың негізгі бөлімі түгелдей тек қана теориялық материалдан тұрады, жұмыстың өзіндік талдауы, яғни, практикалық бөлігі болмайды.
-

- Ал тұтасымен теориядан тұратын жұмыстың қайдан алынып, жазылатыны өз-өзінен белгілі. Әрине, кітаптан тұтасымен көшірілген дүние болып шығады. Оқушының өзіндік еңбегі сіңбеген ондай жұмысты тексеруші комиссия мүшелері бірден байқайды.

• 7- қателік:

• Ғылыми
әдебиеттермен
жұмыс жасаудағы
қателіктер

- Таптаурын болған пікірлер, ескі көзқарастағы еңбектерге сілтеме жасау;
- Тақырып бойынша ең басты деген әдебиетті қалдырып кету;

- Әдебиеттерге талдау жасау кезінде өзіндік тұжырымдардың болмауы;
- Цитаталарды дұрыс бере алмау;
- - Жұмысты жаза бастаған алғашқы күннен бастап әдебиеттер тізіміне мұқият қарамау.

- Пайдаланған әдебиеттер тізімі жобаның құндылығын танытатын басты көрсеткіш болып табылады. Әдебиеттер тізіміне бір қарап шықанда-ақ, жұмыстың сапасы туралы алғашқы пікір қалыптасады.



- Оқушы библиографиялық көрсеткіштермен жұмыс жасағанда, конспект жасаған, оқып шыққан әрбір еңбектің

- **ТОЛЫҚ БАСЫЛЫМДЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕРІН**

- (автор(-лар)ы, кітаптың, мақаланың аты, журналдың аты, жылы, нөмірі, цитата алынған беттері, кітаптың толық бет саны, томы, баспаның аты т.б.)
- жеке блокнотқа жазып алып жүруі керек.

- Кейде кітапханадан ксерокөшірмесін алған материалдың басылым көрсеткіштерін жазып алуды ұмытып кетіп жатады.
- Жобаны қорғауға ұсынар алдында, соңғы рәсімдеулер кезінде ол кемшіліктер алдыдан шығады, материалдарды екінші рет ақтарып іздеуге, артық күш жұмсауға әкеледі.

• 8- қателік:

- Зерттеу әдіс-тәсілдерін дұрыс меңгермеу

- **БАҚЫЛАУ ӘДІСІ** келесі кезеңдерде жүреді:

1) міндеттері мен мақсаттарын айқындау;

- 2) бақыланатын объект, оның элементтерін және ситуацияларын таңдастыру;
- 3) бақылау және оның барысында ақпарат топтастыруға оңтайлы әрі тиімді тәсілдерді іріктеу;
- 4) байқалғандарды хатқа түсіру формасын ойластыру;
- 5) жинақталған ақпараттарды өңдеу және дәйектеу.

• СҰХБАТ ӘДІСІ –

- қажетті ақпаратты алу немесе бақылау барысында түсініксіздеу болған құбылыстың мәнін аша түсу мақсатымен дербес не қосымша қолданылатын зерттеу тәсілі.
- Сұхбат айқындалуы тиіс нақты сұрақтар бойынша күні ілгері жасалған жоспармен орындалады.

**• САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ ӘДІСІНІҢ
ТАЛАПТАРЫ:**

- 1) алынатын ақпараттың сипатын анықтап алу;
- 2) қойылатын сұрақтың бірнеше баламалы өрнегі болуы;
- 3) сауалнаманың бірнеше жоспары түзіліп, алғашқы тексеруден өткізілуі;
- 4) сауалнама кемшіліктері түзетіліп, пайдалануға ақырғы редакциясының ұсынылуы.

• ИНДУКТИВТІ ЖӘНЕ ДЕДУКТИВТІ ӘДІСТЕР –

- Индуктивті әдіс – ойдың жеке пікірлерден жалпы ойға өтуін байқаса,
- дедуктивті – жалпы пікірден жеке қорытынды жасауға қолданылады.

•9- қателік:

- Жұмысты жазу барысында тараулар, тармақтар арасындағы ЛОГИКАЛЫҚ байланыстың болмауы**

- Бұл типтес қателіктер әдетте жұмыстың мақсат-міндеттері айқын болмаған кезде жиі ұшырасады.
- Содан келіп, жұмыстың **өн бойында өріліп тұруы тиіс идеяның** айқын көрінбеуі, жалпы тақырыптың ашылмауы тәрізді кемшіліктер орын алады.

•10- қателік:

- Жазылған жобаны
қорғап тұрған
оқушының жұмыстың
ішінде кездесетін кейбір
терминдерді білмеуі**

- Бұл қателік ең алдымен оқушының тақырыпты толық меңгермегендігін көрсетеді.
- Оқушы сол терминдер кездесетін сөйлемдерді бір жерлерден көшіріп жазды делік, олай болса, олардың мағынасын да түсінуге күш жұмсасын.

• *11- қателік:*

• **Жобаның
жазылу тілінде
кететін қателер**

- Ғылыми стильмен жазылмауы

- Ғылыми стильді жақсы меңгеру үшін оның анықтамасын оқып шығу жеткіліксіз. Ғылыми әдебиеттерді көп оқып, біртіндеп ғылыми мақала, тезис, хабарлама тәрізді шағын ғылыми жұмыстарды жаза берген сайын, оқушының ғылыми стилі қалыптаса береді.

- **Ұғымға ауыр тиетін құрмалас сөйлемдерді, күрделі фразалық тұтастықтарды жиі қолдануы**
- Жұмысты жазу барысында бірнеше рет қайталап оқымаса, өзі де, жетекшісі де түсінбейтін, қабылдауға ауыр тиетін күрделі абзацтарды қайта қарап, түсінікті, нақты етіп, жеңілдету жағын ойластыру қажет.

- **Орфографиялық, пунктуациялық қателердің болуы**

- Әсіресе тіл мен әдебиеттен жазылатын жұмыстарда орфографиялық, пунктуациялық қателердің болуы ешқашан кешірілмейді. Ондай қателерді көп жағдайда компьютерге жауып жатамыз, адамның өзі болмаса, ол машина қайдан қате жіберсін? Сондықтан, жобаны жазып, теріп болғаннан кейін бірнеше рет тексеріп, қателерін мұқият қарап шығу қажет.

Назарларыңызға
рахмет!!!